

**"SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2345 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 ж. 28 шілде N 1036. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

"SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2345 U952345\_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, құрылысқа бақылау жасауы үшін және жергілікті қызметкерлерге нақты көмек көрсетуі үшін "SOS-KDI" тартылатын мамандарға тегін визалар, оның ішінде ұзақ мерзімді визалар, тұруы мен жұмыс істеуіне рұқсат қағаздар берсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қорына және оған қызмет көрсететін объектілерге Қазақстан Республикасында балалар мекемелері үшін көзделген барлық жеңілдіктерді беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне қолданылып жүрген заңдарға "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қорының тәрбиеші аналарын көп балалы аналарға теңестіруді, оларға мемлекеттік жеңілдікті зейнетақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жеңілдіктерді беретін өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар енгізісін.

4. Алматы, Батыс Қазақстан, Тың темір жол басқармалары мен "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" құрылысымен байланысты барлық жүктерді темір жолмен және ұшақтармен еш кедергісіз қабылдауды және жөнелтуді қамтамасыз етсін.

5. SOS - объектілерінің құрылысы жүргізілетін облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бірінші кезекте жер учаскелерін бөлсін және жергілікті жарна ретінде осы объектілердің шекарасына дейін сыртқы коммуникациялар мен инженерлік тораптар жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қоры "Қазақстан

Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 ақпандағы N 145 P950145 \_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 6, 68-бап) бекітілген Әуежайдың, теңіз айлақтарының транзиттік аймақтарында, темір жол, автомобиль және әуе көліктерінде қолдағы шетел валютасына тауарлар сатуға ( жұмыс атқаруға, қызмет көрсетуге) құқық берілген кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі